


МЕБЕЛЬНАЯ ПРОМЫШЛЕННОСТЬ

январь-сентябрь 2023 г.

58,4
МЛРД ТГ



- Мебель для сидения специальная в основном с металлическим каркасом
- Мебель офисная деревянная
- Мебель кухонная
- Мебель деревянная для спальни прочая (кроме кроватей и шкафов)
- Мебель деревянная для столовой и гостиной

136,9%
ИФО

\$9,1
МЛН.



ЭКСПОРТ

Импорт 68%
ОТП 32%




РЫНОК

\$224,4
МЛН



ИМПОРТ

Данные по рынку, экспорту и импорту за 8 мес. 2023 г.



ПРОИЗВОДСТВО В РЕГИОНАХ

2023 жылғы қаңтар-қыркүйектегі жиһаз өнеркәсібі

Жиһаз өнімі өндірісінің көлемі 2023 жылғы қаңтар-қыркүйекте **58,4 млрд теңгені** құрады, бұл, номиналды көріністе 2022 жылғы тиісті кезеңдегі көрсеткіштен **25,1% жоғары**. Қаралған кезеңде саланың ФКИ көрсеткіші **136,9%** құрады. ФКИ өсуі ас үйге арналған жиһаз өндірісінің **36%**, жатын бөлмеге арналған ағаш жиһаз (керуеттер мен шкафтардан басқа) өндірісінің **11,8%** өсуіне байланысты.

Жиһаз өнімін тұтынудың ішкі нарығы 2023 жылғы қаңтар-тамыз қорытындысы бойынша **329,9 млн АҚШ долл.** (148,8 млрд теңге) құрады. Отандық өндіріс үлесі **32%** құрады.

Жиһаз өнімі экспортының көлемі 2023 жылғы қаңтар-тамызда 2022 жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда ақшалай көріністе **9,1 млн. АҚШ долл.** құрап, **78,5%** өсті.

2023 жылғы қаңтар-тамызда жиһаз саласы экспортының тауарлық құрылымында негізгі көлемді төмендегі тауарлар құрайды: түрлі металл жиһаз (2 809,1 мың АҚШ долл.), ағаш каркасты отыруға арналған жиһаз (967 мың АҚШ долл.), ағаш жиһаз (794,8 мың АҚШ долл.), мекемелерде қолданылатын металл жиһаз (632,4 мың АҚШ долл.), отыруға арналған жиһаз (495,1 мың АҚШ долл.), пластмассадан жасалған жиһаз (488,5 мың АҚШ долл.), ағаш жиһаз және оның бөліктері (447,1 мың АҚШ долл.), жатын бөлмеге арналған ағаштан жасалған жиһаз (393,7 мың АҚШ долл.), түрлі жиһаз және оның бөлшектері (365,8 мың АҚШ долл.) және т.б.

Жиһаз өнімі экспортының көлемі Ресейге (жалпы экспорт көлемінен **43,7%** немесе 4 млн АҚШ долл.), Қырғызстанға (**17,4%** немесе 1,6 млн АҚШ долл.), Өзбекстанға (**13,9%** немесе 1,3 млн АҚШ долл.) жіберілді.

Жиһаз өнімі импортының көлемі 2023 жылғы қаңтар-тамызда ақшалай көріністе 2022 жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда **224,4 млн АҚШ долл.** құрап, **8,8%** төмендеді.

Тауар құрылымында импортталатын өнімнің ең жоғары көлемін түрлі ағаш жиһаз (43,2 млн АҚШ долл.), түрлі металл жиһаз (24,8 млн АҚШ долл.), ағаш каркасты отыруға арналған қапталған жиһаз (22,1 млн АҚШ долл.), жатын бөлмеге арналған жиһаз (21,9 млн АҚШ долл.), керуетке ауысатын немесе ауыспайтын отыруға арналған металл жиһаз және оның бөлшектері (12,4 млн АҚШ долл.), керуетке ауысатын немесе ауыспайтын отыруға арналған жиһаз және оның бөлшектері (11,3 млн АҚШ долл.), металл каркасты отыруға арналған, қапталған жиһаз (10,2 млн АҚШ долл.), мекемелерде қолданылатын ағаш жиһаз (9,6 млн АҚШ долл.), түрлі жиһаз және оның бөлшектері (9 млн АҚШ долл.), пластмассадан жасалған жиһаз (8,8 млн АҚШ долл.) және т.б. құрайды.

Импортталатын жиһаз өнімінің негізгі көлемі Ресейден (77,1 млн АҚШ долл. немесе жалпы импорт көлемінен **34,3%**), Қытайдан (46,7 млн АҚШ долл. немесе **20,8%**), Түркиядан (24,7 млн АҚШ долл. немесе **11%**), Белорусиядан (22,6 млн АҚШ долл. немесе **10,1%**), Италиядан (15,3 млн АҚШ долл. немесе **6,8%**) келеді.

Аумақтық кесінде жиһаз компаниялары еліміздің барлық өңірлерінде орналасқан. Бірақ, еліміздің жиһаз өнімінің 27% (15,5 млрд теңге) Алматы қ. өндірілетіндігін атап өткен маңызды.